



ҚазМұнайГаз  
CNPC

# Мұнайлы

Газет 2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№10 (108), қараша, 2018 жыл

# ӨЛКЕ

Халел Өзбекқалиев - 90 жылы

## ТҮБЕКТІ ТҮЛЕТКЕН ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

Аса көрнекті мемлекет қайраткері, еліміздің мұнай саласы Абыздарының бірі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы, Ленин сыйлығының лауреаты, Өзен, Жетібай, Тенге, Қаражанбас,

Солтүстік Бозашы, Қаламқас кен көздерін ашқан, Маңғыстау түбегін игеруді ұйымдастырушылардың бірі Халел Өзбекқалиевтің 90 жылдығы Маңғыстау жерінде кеңінен аталып өтті.

Мерейтой Халел Өзбекқалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі алаңындағы даңқты геолог-барлаушының ескерткіші бюстіне гүл қою салтанатынан басталды.

Салтанатты жиынды Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов ашты. Өңір басшысы Маңғыстау тарихында өзіндік өшпес орны бар тұлғаның мұнай барлау мен өндіру, өлкені дамытудағы орасан зор еңбегіне тоқталып, жиынға қатысушы ардагер мұнайшыларға алғысын жеткізді:

- Біздер, орта буын өкілдері, Халекен туралы естеліктерді тыңдап, ағаның тәліміне, тәжірибесіне, адамгершілік парасатына тәнті боламыз. Өңірдегі ірі мұнай кенорындарының басым бөлігін Халел ағамыз ашып, оларды игеруге мұрындық болды. Артына өшпес із қалдырған Халел Жағыпарұлының 90 жасын атап өтуге алыс-жақыннан ат арытып келген баршаңызға алғысымды жеткіземін.

Жиында техника ғылымдарының докторы, кезінде мұнай саласы министрі қызметін атқарған ардагер Ұзақбай Қарабалин, Қазақстанның құрметті геолог-мұнайшысы, Н. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры құрылтайшыларының бірі Орал Ақшолақов, мұнай-газ өндірісі саласының үздігі, ардагер энергетик Қалабай Төлегенов, Халел Өзбекқалиевтің ұлы, полиция генерал-майоры Райымхан Өзбекқалиев естеліктері мен алғыс тілектерін



жеткізді. Одан әрі ескерткішке гүл шоқтары қойылып, жиналғандар колледждегі Халел Өзбекқалиевке арналған мұражайды тамашалады.

**Артур Рашидов - Х. Өзбекқалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжінің студенті:**

- Даңқты геолог барлаушының еңбек ерлігі мен табандылығы үлгісін бойымызға сіңіріу, ер есімін биік ұстап, ұрпақтар сабақтастығын

жалғастыру берік ұстанымымыз болып қала бермек. Халел атамның атымен аталатын колледж студенті болу да үлкен құрмет, осы дара тұлғаның еңбегін, мұнай саласындағы қызметін жалғастыру біз секілді болашақ мұнайшылардың еншісіне тимек. Х. Өзбекқалиев атымен аталатын колледж әлі талай шәкіртке білім беріп, туған Отанымыз – Қазақстанның экономикасын дамытатын

мыңдаған жас маманға жөн сілтейтініне сенемін.


Мерекелік шара мұнай-газ саласы ардагерлері мен мұнайшыларға, қоғам өкілдеріне жайылған ақ дастарханда жалғасты. Есіміне ел қанық Халел Жағыпарұлының көзін көрген мұнай майталмандары ақиық азамат туралы естеліктерімен бөлісті, еліне адал азамат болғандығын айтып, өндірістің көкейкесті мәселелерінің түйінін

тарқатқан іскерлігін, кісілігін еске алды.

Түс ауа қонақтар «Маңғыстау облысының мұнай-газ әлеуеті» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияда бас қосты. Оған мұнай-газ саласының майталмандарымен қатар колледж студенттері қатысты. Конференцияны геология-минералогиялық ғылымның директоры Орал Ақшолақов ашып, жүргізіп отырды. Қ.Сәтпаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының директоры Герой Жолтаев пен «ҚазЭнерджи» Қазақстан ассоциациясы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Конференцияда «Елінің жүрегінде мәңгі қалған асыл азамат» тақырыбында «Қазақстан мұнайшылар-геологтар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР өнер-кәсібіне еңбегі сіңген қызметкер Балтабек Қуандықов баяндама жасады. Сондай-ақ, Маңғыстау кен орындарынан мұнайды арттырып алудың әдістері, Жетібай Өзен кенорындары мұнайын кешенді геохимиялық зерттеу, терең ұңғымаларды бұрғылаудың даму перспективасы туралы баяндамалар оқылып, келелі ойлар ортаға салынды.

Конференция соңында Х. Өзбекқалиевтің өмірбаяны негізінде жазылған «Мұнайдан дария жасаған» кітабы таныстырылып, колледж студенттеріне табысталды.



Стратегия «Казakhstan-2050»

# НЕФТЯНИКИ ОБСУДИЛИ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА

Послание Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» стало логическим продолжением осуществляемых в стране реформ. Сегодня в трудовых коллективах по всей стране проходят встречи по осуждению и разъяснению Послания Главы государства. 12 октября с нефтяниками производственного управления «Каламкасмунайгаз» встретились заместитель председателя Правления АО «НК «КазМунайГаз» Курмангазы Исказиев и управляющий директор по добыче нефти и газа АО «НК «КазМунайГаз» Малик Салимгереев.



Выступая перед трудовым коллективом, Курмангазы Исказиев отметил, что нынешнее Послание Главы государства народу Казахстана – это качественный программный документ, имеющий ярко выраженную социальную направленность. Он подчеркнул, что коллектив группы компаний «КазМунайГаз» всецело поддерживает задачи нового Послания.

– Вначале хочу сказать, что я сам по профессии геолог, начинал деятельность на нефтепромысле, много лет занимался капитальным ремонтом, работал инженером вахтовым методом, поэтому хорошо знаю всю нюансы нефтяной отрасли, – отметил Курмангазы Исказиев. – В настоящее время работаю в национальной компании «КазМунайГаз» и хочу заверить, что компания несет ответственность, как за социальное самочувствие своих работников, так и за развитие регионов производственного присутствия. В частности, компания особое внимание уделяет молодежи (напомним, Глава государства объявил следующий год Годом молодежи). Молодые специалисты АО «НК «КазМунайГаз» имеют возможность профессионального развития, стажировок в крупнейших иностранных и российских компаниях. В регионах Мангистауской области успешно решаются жилищные программы, подписаны коллективные договоры, гарантирующие всем работникам соцпакеты. В процессе своей деятельности, часть доходов генерируемых группой компаний КМГ перераспределяется в местный бюджет в виде налоговых отчислений, которые по итогам 2017 года составили 33 млрд. 555 млн. тенге (только за счет отчислений «Мангистаумунайгаз», «Озенмунайгаз», «Каражанбасмунайгаз»). Также группа компаний АО «НК «КазМунайГаз» обеспечивает работой более 30 тысяч жителей Мангистауской области (с учетом аутсорсинга).

С момента создания национальная компания выделила миллиарды тенге на строительство жилых домов, физкультурно-оздоровительных центров, детских садов, оздоровительных лагерей, на строительство и реконструкцию школ и больниц в Мангистауской области, в том числе немалые средства направлены на реконструкцию спортсооружений и домов культуры на Каламкасе и Каражанбасе. Стратегия национальной компании в области социальной политики нацелена на содействие развитию регионов своей деятельности, ежегодно Мангистауской области выделяется 1,2 млрд. тенге.



Салимгерееву за содержательную и конструктивную встречу.

Затем гости посетили ряд объектов месторождения Каламкас, в частности мостовую станцию для закачки полимера, ознакомились с производственной деятельностью участка УПСВ, побывали на групповой установке №6 ЦДНГ-2, посетили водозащитную дамбу и др.

– Инициативы Главы государства должны стать идейной основой нового этапа технологического и инфраструктурного развития нашей страны, – подчеркнул Бактыжожа Измухамбетов. – Модернизация экономики, политики и национального сознания – ключевые элементы масштабных преобразований Казахстана.

\*\*\*

Еще одна встреча, посвященная Посланию Главы Государства, состоялась 31 октября в головном офисе Общества. С работниками центрального аппарата встретились депутат актауского городского маслихата Куаныш Есетов, и.о. 1-го заместителя председателя актауского городского филиала партии «Нур Отан» Кундузай Даулетбаева, заместитель директора актауского городского филиала АО «АТФ Банк» Жасулан Сарпиков.

Открывая встречу, Куаныш Есетов отметил, что Послание Президента страны содержит конкретную программу мер системной модернизации Казахстана в условиях Четвертой промышленной революции. Активное внедрение современных технологий в жилищном строительстве и коммунальном секторе, создание собственной передовой системы образования, повышение доступности и эффективности медицинской помощи, обеспечение качественной занятости – все это, безусловно, повысит уровень жизни наших граждан.



В целях консолидации молодых работников, развития потенциала у молодых специалистов утверждена «Молодежная политика АО НК «КазМунайГаз», определены единые направления ее деятельности. В рамках данной работы проводятся различные тематические встречи, дискуссии, мастер классы, тренинги, а также интеллектуальные и другие мероприятия. Ежегодно проводятся конкурсы инновационных идей среди молодых работников, а также Молодежные слеты группы компаний КМГ, созданы молодежные советы во всех компаниях.

В свою очередь Малик Салимгереев, приветствуя участников встречи, отметил, что в свое время пять лет проработал на месторождении Каламкас (1982-1987 г.г.), а затем еще 12 лет трудился на Каражанбасе.

– Очень рад встрече с вами уважаемые коллеги. Для меня месторождение Каламкас не чужое, когда-то я работал здесь в ЦНИПрЕ, затем ППД, ЦДНГ-1, – отметил Малик Салимгереев. – Мы работали в других условиях, порою непростых, сейчас создаются все условия для безопасной работы и комфортного проживания. Хотел бы, чтобы вы – уважаемые коллеги – уделяли особое внимание вопросам техники безопасности, соблюдению всех технических норм. Желаю вам успехов в труде и благополучия в семье.

Подытоживая собрание, Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев выразил большую благодарность Курмангазы Исказиеву и Малику



\*\*\*

Обсуждение Послания Президента народу Казахстана также стало темой встречи депутата Мажилиса Парламента РК Бактыжожа Измухамбетова с руководящим составом АО «Мангистаумунайгаз». В ходе встречи 26 октября с заместителями генерального директора и руководителями структурных подразделений Общества мажилисен отметил, что Послание Президента народу Казахстана служит масштабным социальным документом, определяющим будущие цели и задачи государственной политики во всех сферах жизни общества на конкретном этапе времени.

В свою очередь, Жасулан Сарпиков рассказал присутствующим об особенностях программы ипотечного жилищного кредитования «7-20-25». Данная программа в целом направлена на исполнение поручения Главы государства по созданию условий для приобретения жилья и одновременно дает системные решения по восстановлению рынка ипотечного кредитования.

Жасулан Сарпиков дал подробные разъяснения по условиям ипотеки, требованиям, предъявляемым к заемщикам, срокам и суммам займа, рассказал о принципиальных отличиях программы «7-20-25» от других ипотечных программ.



## ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ – «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ

«Нұр Отан» партиясы биыл «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауын екінші рет өткізді. Осы шараның аясында «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалында жергілікті жерде атқарылған жұмыстар сараланып, үздіктер анықталды.

Республикалық сайыстың ережесіне сәйкес, арнайы комиссия құрылып, барлық қатысушылардың жұмыстары бақыланды. Партиялық жобаларды жүзеге асыру, ішкі партиялық жұмыстарды жүргізу, жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдалану, азаматтық бастамаларды іске асыру, атқарған жұмыстарды БАҚ-тарда көрсету, ұйым жетекшісінің белсенділігін анықтау және жастармен жұмыс нәтижелерін сараптау секілді бағыттар бойынша бақ сынықты. Аталған байқау қорытындысы бойынша, жүздеп 1-орын Ақтау қалалық филиалының «Маңғыстаумұнайгаз» бастауыш

партия ұйымына табысталды. Арнайы марапат биік межеге, биік максатқа ұмтылдырады.

Бастауыш партия ұйымдары қашан да алдыңғы шепте жүріп, қоғам ішіндегі сан түрлі құбылыстарды болжап, оларды тізгіндей алатын, ел тұтастығы мен тұрақтылықты қамтамасыз етіп, Елбасы бастамалары мен саясатын сәтті жүзеге асыруға қауқарлы патриот азаматтардың ордасы, бірліктің ұйытқысы. Бастауыш партия ұйымдары қызметінің маңызы мен рөлі қашанда зор.

### Жолдауға қолдау

## ЕЛБАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ ЕЛ РУХЫН КӨТЕРДІ

Жаңа Жолдаудың жариялануы маңызды датамен сәйкес келді. Осыдан тура жиырма бір жыл бұрын, 1997 жылғы 10 қазанда Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына алғашқы Жолдауы - Қазақстан-2030 Стратегиясын жариялаған болатын. Содан бері Президенттің жыл сайынғы Жолдаулары - қоғам назарында.



**Аманкул Арқабеева** - «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының 4-дәрежелі зертханашысы.

-Жолдауда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру керек деген мәселе жақсы қозғалған деп ойлаймын. Әсіресе маған ұнағаны -білім беруге байланысты көп нәрсе сөз болды. Жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектебінің үлгісінде, соған бейімдеу деген мәселе маңызды айтылған. Мұғалімдерінің деңгейі жоғары, заманауи технология тұрғысында жабдықталған мектептерде балаларымыз білім алса, нұр үстіне нұр болар емес пе!

Сонымен қатар, Жолдауда қозғалған медициналық қызмет сапасы, әсіресе ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажеттігі қарапайым халықтың өмір сапасының артуына кепіл болары сөзсіз.



**Ержан Бейсенов** - «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының слесарь-жөндеушісі

Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауын тікелей телеарнадан тыңдадым. Жылдағыдан өзгеше. Елбасы Жолдауды оқып, оны түсіндіріп қана қоймай бұған дейінгі атқарылған жұмыстарды, берілген тапсырмалардың қалай орындалып жатқанын министрлерден бастап әкімдерге дейін тік тұрғызып, бүге-шігесіне дейін сұрады. Жыын осынсымен де ерекше болды.

Елбасының өңірлік және қалалық инфрақұрылымды жүйелі түрде дамыту



**Бахтияр Қазиев** - «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының операторы

Қазақ сахарасында тұңғыш мектептің іргесін қалаған аса көрнекті ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрiнен де қымбат, өйткенi мұғалiм – мектептің жүрегі» деп ұлағатты ұстаздар қауымына лайықты бағасын берген болатын. Алайда, мұғалімнің қадір-қасиетi мен оның қоғамда алатын орнын баршамыз жете түсiнсек те, осы уақытқа дейiн елiмiзде ұстаздарға қатысты, олардың мәртебесiн анықтайтын заңнамалық база болмаған екен. Ол, әрине өкiнiштi. Бірақ сабақты ине сәтiмен демекшi, бiылғы қазанның 5 жұлдызы күнi Елбасымыздың жолдауынан «Келесi жылы «Педагог мәртебесi туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын» деген сөздерiн естiгеннен кейiн төбем көкке жеткендей болды. Былтыр ұстаздардың жалақысының есетiндiгiн естiгенде бiр жасап қалып едiк, бiылғы жолдау iргемiздi бүтiндеп бергендей болды.

Бұл жаңалықтардың мен секiлдi ата-анасы ұстаз болған, олардың тынымсыз еңбегiн кiшкентайынан көрiп өскен қаншама перзентке, жаңұяға қуаныш сыйлағаны сөзсiз. Онсызда қызметiне асқан адалдықпен, шөкiрттерiне өз балаларынан да артық көңiл бөлгенi ұлағатты ұстаздарды қанаттандырып, көңiлдерiне үмiт ұялатқанына сенемiн. Дәл осы шешiмi үшiн Елбасымызға барлық ұстаздар жаңұясы атынан ерекше ризашылығымызды бiлдiрiп, Елбасының әр бастамасын қос қолдап қолдайтындығымызды жеткiзгiм келедi.

тапсырмасы, атап айтқанда жергiлiктi маңызы бар жолдарға 150 миллиард теңгеге дейiн, ауылдық жерлердi сумен қамтуға 100 миллиард теңгеге дейiн қаражат бөлiнуi, әкiмдерге осы қаражаттың есебiнен өнiрлердегi мейлiнше өткiр проблемаларды шешуге, жаңа мектептер, балабақшалар, ауруханалар құрылысын елдi мекендердi дамыту жоспарларымен ұштастыру туралы нақты талабы көнiлiмнен шықты.

**Қымбат Иманқұлова** - әлеуметтік бөлім бастығының орынбасары

Жолдау – алға басар әрбір қадамның жоспары. Жөнді жоспарлай білу де көрегендікті қажет етеді. Елбасының биылғы Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» аты айтып тұрғандай бұл біздің халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен бастау алатын игілікті істер.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызмет көрсету сапасын арттыру, тұрғындардың түрлі төлем ақылары туралы монополистердің тұрғындардың алдында есеп беруін жолға қою, 2019 жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшерінің көбейту, денсаулық сақтау және білім беру сапасын халықаралық стандарттарға сай сәйкестендіру туралы міндет қойылды. Мен бұл Жолдауды халықтың жағдайын бәрiнша жақсарту отырып, сол арқылы еңбек нарығында өз қабiлеттiлiгiне сай орнын таба бiлетiн, денi сау, бiлiмдi табысты ұрпақ үшiн, жарқын болашаққа жол салу деп түсiнemin.

Әрбiр адам салауатты өмiр салтын қалыптастыра отырып, бөсекке жан-жақты қабiлеттi болуы керек. Баланы



**Бауыржан Ходысаев** - геологиялық-техникалық іс-шараларды жоспарлау бөлімінің Қаламқас кенорны бойынша жетекшісі

Кез келген қоғамның басты байлығы, оның қозғалуы күші - оның халқы. Ал жастар, сол күштің қайнар көзі. Сондықтан болар, тәжірибелі аға буын бізге – жастарға орасан зор үміт артып, келер күннің



балабақшадан бастап, ұлттық тәрбиенен суындатып, кейін орта және жоғары білім берудің сапасын арттыру басты мәселелердің бірі. Қазіргі кезде облыс аумағында біраз мектеп бой көтерді, оқушыларға заманауи, соңғы үлгідегі білім беру бағдарламалары жаратылып жатыр.

Аймағымыз жалпы республика көлемімен салыстырғанда құрылыс нысандарын салудан алдына қара салмай келе жатқаны – қуантарлық жағдай. Халықты баспанамен қамтудағы бұл да бір үлкен жетістік. Енді 7-20-25 бағдарламасы бойынша тұрғын үй алу мәселесі қолжетімді шешіліп жатса құба-құп. Түзу жүрген көшке қол ұшын созып, арқашан қолда танытып, көптен бірге ілескенге не жетсін!

кереметін жастардың қайрат-жігерімен байланыстырады. Кешегі қазан айында Елбасы жасаған Жолдаудың мәтіні де жастарға үлкен жауапкершілік артып тұрғандай, ал Президентіміздің келесі жылды «Жастар» жылы деп жариялауы жастарға сөзден іске көшетін, елдік істерге араласатын уақыт жетті дегенді мензейтіндей.

Жалпы, Елбасымыздың қай бастамасы да, қай Жолдауы да жастардың тұрмыс-тіршілігі мен олардың әлеуетін арттырумен, жастардың заман талабына сай жетіліп, білім алуына жағдай жасаумен сабақтасып жатады. Бұл да Елбасы саясатының сапалылығының, оның көрегендігі мен даналығының көрсеткіші болса керек. Себебі «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген халқым жастардың тәлім-тәрбиесін қашан да басты назарда ұстаған. Сондықтан біз – оның халқы. Ал жастар, Елбасының барлық бастамаларын қызу қолдап, оларды жүзеге асыру үшін бар ерік-жігеріміз бен жастық қайратымызды сарп етуге дайынбыз.



**Жандос Түркістанұлы** – адам ресурстарын басқару департаментінің маманы

Елбасының кешегі «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауы көңілімізді бір марқайтып тастады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының бұл жолғы Жолдауы ерекше. Өйткені халықтың тұрмысын көтеріп, әл-ауқатын, материалдық жағын жақсартуға арналған жобалар елдің де экономикасына тың серпін берері сөзсіз.

Жастар саясаты

# МҰНАЙШЫ ЖАС ҚҰРЫЛТАЙДА БАС ҚОСТЫ

Қазан айының 13 мен 15 күндері аралығында Алатаудың етегінен орын тепкен алмалы шаһар, мәдени һәм рухани астанамыз Алматы қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ жастарының кезекті құрылтайы өтті. Шараға еліміздің барлық өңірлерінен жүзден астам белсенді жас келіп, жыл бойы өткізген жұмыстарын саралап, келер жылдың бағдарын айқындады.



Бірлік пен тұрақтылықты, еңбеккорлық пен жасампаздықты ту еткен Ұлттық компания жастары онтүстік астанамызда өткен үш күнін мейлінше тиімді әрі қызықты өткізуге тырысып бақты. Барлық шаралар Елбасымыздың қазан айының басында Қазақстан халқына арнаған Жолдауымен ұштастырылып, «жастық жігеріміз - Отанға» деген ұстаныммен өтті.

**Дені сау ұлт**

Құрылтай шеңберінде өткен алғашқы көпшілік шара жастардың бойында дене тәрбиесі мәдениетін қалыптастыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Қала әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған велошеру Алматы қаласының тарихи көшелерімен жүріп өтіп, тау бөктеріндегі алмабақтардың аясында аяқталды.



Құрылтайға Компания атынан қатысқан «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жолдеу бөлімінің инженері Нұрлыбек Қожамұратов өз әсерімен бөлісті:

- Алматы арман қала ғой... Студенттік қызықты дәуреніміз осында өтті. Велошеру жүріп өткен көшелердің әрқайсысымен байланысты ыстық естеліктеріміз бар. Сондықтан болар күнде велосипед теппесек те, өрге қарай жетелеген 7,5 шақырымдық маршрут еш қиындық салмады. Оның үстіне «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы адам ресурстарын басқару жөніндегі басқарушы директоры Серік Әбденовтың түк қиынсынабастан бізбен бірге велосипед тепкені жастық жігерімізді қайрай түсті. Спорт – денсаулық кепілі, ал дені сау ұлт – мемлекеттігіміздің кепілі.

Елбасы Жолдауына қолдау ретінде ұйымдастырылған шеру соңы қатысушылар арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттау мақсатында тау велосипеді, альпинист жиынтығы сынды бағалы бұйымдар тігілген ұтыс ойынна ұласты. Әрі көңіл сергітіп, әрі ұтысқа ие болған жастар шеруден көтеріңкі көңілмен тарқасты. Тау етегіндегі «Лесная сказка» кешенінде тұрақтаған жастар ары қарай түрлі зияткерлік ойындар ойнап, ситуациялық тапсырмалар орындап сайысты.

**Адами капитал – жаңғыру негізі**

Жастардың бойында ерекше әсер қалдырған келесі шара – Алматы қаласының әкімі Бауыржан Бөйбек мырзамен өткен кездесу болды. Шаһар башысы жиналған

жастармен әңгіме дүкен құрып, өз өмір жолы, өмірлік ұстанымы жайлы ойларымен бөлісті. Құрылтайға Компания туын ұстап барған тағы бір қатысушымыз «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы геология және кен орындарын игеру мен талдау бөлімінің геологы Берік Айдаров осы кездесуден алған әсерін былай деп баяндады:

-Бауыржан Қыдырғалиұлы еліміздегі алғашқы мегаполис - миллионнан астам халқы бар Алматының тізгінін осыдан үш жыл бұрын, не бары 41 жасында алған екен. Салыстырмалы түрде қарасақ, біздің қазіргі жасымыздан 10-ак жас үлкен. Ал біздің жасымызда болғанда Президент Әкімшілігінде жауапты қызметтерде болған екен. Отызда орда бұзып, қырқыта қамал алып отырған азамат. Маған ол кісінің бір сөзі өте қатты ұнады, жастарға қандай кеңес бересіз деген сұрағымызға «Қателесуден қорықпаңыздар! Ол адам біткенге тән құбылыс, оның да өзіндік пайдасы бар – кәтелікке жол беріп, оны жөндеген адам төгірібе жинақтайды. Ал қорку, тартып-шақтау түбі еңсарлыққа, селсоқтыққа, жалқаулыққа әкеледі» деп жауап берді. Сөзіңіз жаны бар».

Сұхбат соңында Бауыржан Қыдырғалиұлы жастарды жалған идеалдардың соңынан жүрмей білім алуға, ғылым игеруге, жаңа технологияларды зерттеуге шақырды. Жасындай жаркылдап, қашан да елдік істердің басы-қасынан табылуға үгіттеді.

**Әнім саған арналады, Алматы...**

Ұлттық компания жастары құрылтайының кульминациясы, шырақ шегі - «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ компаниялар тобына кіретін еңшілес және тәуелді мекемелерден келген мұнайшы көркемөнерпаздардың еліміздің бас сахнасы - Республика Сарайындағы концертімен түйінделді. Концерт көрермендерінің қатарында мұнайгаз саласы ардагерлері мен қала ақсақалдары, балалар үйі тәрбиеленушілері мен болашақ мұнайшылар – студент жастар болды.

Киелі сахна, казак өнер әлемінің не бір ұйыларының табаны тиген, маңдай тарты



сінген, іісі қалған мәртөбелі орда өнер мен өндірісті құстың қос қанатындай етіп қатар ұстап, жапан түзде жер қазып, мұнай іздеген еңбеккерлерді жатырмамай қарсы алды. Бір жарым сағатқа шақталған өнер кеші шөлікереген көрерменді қазақ поэзиясы классиктерінің жырларымен жұбатып, қара домбыраның қоныр үнімен үйіріп, ескірмейтін ретро әндердің әуеніне еліктіріп сонау 70-80 жылдардың мерекелі кештеріне қайта оралтқандай болды...

домбырашыларымыздың орнына манғыстаулық ұлдарды әкеліп қосты. Пас болып тұрған біздің көңіл-күйдің аспаңдағаны өз алдына, айлапат сахнаның торің толтырған мұнайшы домбырашылардың күйі Сарайдың түндігін желпіп, зал толы көрерменді қадімгідей желпіндірді...

Кеш соңы ардагерлерге арналған қонақ асына ұласып, ақсақалдардың ақ-батасымен ақталды. Жастардың өнеріне риза болған ардагер-мұнайшы ата: «Мұндай кеш көптен



Залға жиналған ардагер ата-әжелер құлаққа таныс, көңілге жағымды әуендер естілгенде сезімге ерік беріп, бірі көз жасын сыйғып алса, енді бірі сол бір кездердегідей вальстың ырғағында айналып, жастықтың жазғы бағындағыдай шалқыды...

Жүректең шыққан ән сол кеште талай-талай жүректерді жібітсе, көрерменнің ыстық ықыласы өнерпаздарымыздың өздеріне деген сенімін арттыра түсті. Сахнаның құдіреті ме, әлде режиссер Серік Сариевтың шеберлігі, әлде көрерменнің қолдау-демеуі ме... Әйтеуір, бірі ерке Жайықтың бойынан, бірі маңғас Манғыстаудың ойынан келіп бас қосқан мұнай кәсіпшілігіндегі сан мамандық иелері – машинист те, мұнай операторы да, алып техниканы ұршықша иірген жүргізуші де, токарь мен слесарь да өздерін халық әртісінен кем санамағанына куә болдык... Елден келген өнерпаз, оның үстіне қарамайға шомылып жүрген мұнайшы деген таңсық болды ма, Әкем-театрдың директоры Асхат Маймемеров концертке қажетті реқвизиттерді жеткіздірсе, күні кеше Құрманғазы атындағы Ұлттық академиялық оркестрдің бас дирижерлығына тағайындалған талантты домбырашы жерлесіміз Абылай Тілепбергенов өндірістен шыға алмай қалған

бері болмаған еді. Зейнетте жатқан жанбиз ғой, өмір бойы қызметте жүрдік. Өндірістің талай қызығын бастан кешіп, шыжығына күйіп едік. Сіздердің біздерді іздеп келіп, осындай мерекелік көңіл сыйлағандарыңыз үшін аталық алғысымды білдіремін. «Ұмытпаған екен ғой» деп бір жасап қалдық», - деп ризашылығын жеткізді.

... Қарапшүгіл, Ембі, Доссор, Мақатым, Естігенде сүйсінді жат атын. Қаражаңбас, Қаламақ пен Жетібай, Жанаөзенде мұнай қайнап жататын.

Манғыстауым – әулиелі түбегім, Қызылордам – қазыналы тірегім, Дүрсілдейді Ақтөбеден жүрегім. Керекуім – қайнатады қазанды, Ырыс пен Құт сарқылмасын, Ұлы

Елім!-деп концерттің шымалдығын жаппан жыр жолдары қазыналы тірегім, Күрсілдейді Ақтөбеден жүрегім. Керекуім – қайнатады қазанды, Ырыс пен Құт сарқылмасын, Ұлы Елім!-деп концерттің шымалдығын жаппан жыр жолдары қазыналы тірегім, Күрсілдейді Ақтөбеден жүрегім. Керекуім – қайнатады қазанды, Ырыс пен Құт сарқылмасын, Ұлы



# ҚЫР АСТЫНДА ҚЫЛАҢДАЙДЫ 40 ЖЫЛ...

Екі айдан кейін табалдырықтан аттайтын 2019 жыл қара алтынды Қаламқас кенорны үшін мерейлі белес. Кенорынға - 40 жыл толмақ. Қазақ елінің қазыналы қазаны - Қаламқас кен орны үшін келесі жылдың ерекшелігін ескере отырып, «Мұнайлы өлке» газеті арнаулы айдармен бүгінгі санынан келесі жылдың тамыз айына дейін кенорны туралы мақалалар жариялауды, Бозашының төсінде адал еңбекті серік етіп, білектің күші мен біліктің қуатының арқасында қара жердің қойнауынан ел қазынасын айырып жүрген еңбеккер мұнайшылар еңбегін насихаттауды мақсат тұтып отыр. Сөзбасы ретінде Маңғыстау өлкесінің ғана емес, Қазақстанның маңдайға ұстар, мақтан тұтар өндіріс орындарының бірі саналатын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығының міндетін атқарушы Қазыбек Нұрмұхановпен сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.



**- Қазыбек Нұрмұханұлы! Біздің тұсаукесер сұхбатымызды Қаламқас тарихының біреуіміз, біреу білемейтін жылнамасынан бастасاق...**

- Қыр басынан қылан беріп тұрған 40 жыл ішінде Қаламқас тарихи жолдан өтті. Қазір аяғынан тік тұрған кен орынын қатарында.

Тарих қалай басталған еді деген сұрағына жауап берейін. 1975 жылы Гурьев геологикалық экспедициясының мамандары зерттеу жұмысын жүргізіп, Қаламқас қойнауында мұнай қорының мөлшері жарты миллиард тоннадан астам екендігін анықтайды.

Бүгінгі Қаламқас кенорнының жылнамасы сонау 1976 жылғы қытымыр қаңтар айының 30 жылдығынан бастап жазылады. Дәл сол күні «Мангышлак-нефтегазразведка» трестінің барлаушылары бүгінде Қазақстандағы ірі мұнай-газ кенорнының бірі болып табылатын.

Қаламқас кенорнының №К-1 ұңғысынан (бұрғылау шебері Алексей Иванович Волочаев) алғашқы газ бұрқағының атқандығы туралы баяндама жасайды. Көп ұзамай, сол жылдың 24 шілдесі күні Қаламқас кенорнының №3 ұңғысы (бұрғылау шебері М. И. Кривцов) алғашқы барлау мұнай бұрқағын береді.

Барлаушылар түбек халқының болашағын жаңа өндірістік нысанмен байланыстырып, зор қуанышқа кенелгенді. Осы бір елеулі оқиғалар тізбегінен кейін мемлекет басшылығы Бозашы аймағына аса зер салып, СОКП мен Министрлер Кеңесінің шешімдерімен «Расширить геологоразведочные работы на нефть и газ в западном Казахстане, ускорить освоение нефтяных месторождений на полуострове Бузачи» деп Қаламқасты жедел игеру міндетін қойды.

Нәтижесінде сол кездегі Кеңес Одағының Геология министрлігі, Мұнай өнеркәсібі министрлігі, Мұнайгазқұрылыс министрлігі, Энергетика министрлігі және т.б. кәсіпорындары абыройлы іске жұмылдырылып, мұнай құбырларының, электр тасымалдау желілерінің, автожолдың, басқа да қажет объектілердің құрылыстары қарқынды жүргізіліп, өндіріс ошағын дамытумен қатар, өлкеде ауылды оркентдетуге, халықтың мәдениетін, тұрмысын жеңілдетуге теңдессіз ықпал етті.

Ал, Қаламқастың ресми өндірістік жылнамасы 1979 жылдың 23 тамызынан бастау алады. Осы күні Қаламқас кенорнының №66 ұңғысынан алғашқы өндірістік мұнай бұрқағы атты. Бұл күні «Бозашы түбегінде мұнай жоқ» деп күмәнданғандардың теріс пікірлері жоққа шыққан еді.

Вахта басында мұнай өндіру шебері Көшербай Әлібаев, операторлар Орынбасар Шадияров, Сәндібек Тілеуов, Әділғазы Мұстафин болған еді. Қаламқастықтар сол



1979 жылдың аяғына дейін 73 мың тонна «қара алтын» өндіріп, 1980 жылғы 2 қараша күні сағат 12-де Көшербай Әлібаевтың бригадасы құрметті вахтаға тұрып, кенорынның 1 000 000 (бір миллионыншы) тонна «қара алтын» өндірді. Құрметті вахта құрамында бұл жолы да операторлар Орынбасар Шадияров, Сәндібек Тілеуов, Әділғазы Мұстафин және Мария Өтегенова болды.

Бұл кездейсоқ цифрлар емес, ол Бозашының қытымыр қысында, аптап жазында бір сәт тағат таппай жан беріп, жан алысқан құрыш қол мұнайшының ащы тері мен ғылым-білім жолындағы тынымсыз ізденістерінің нәтижесі. Қаламқас «арудың» жылнамасын ғылыми көзқараспен саралар болсақ, сонау 1976 жылдан бастап күні бүгінге дейін кенорын аумағында өндіріс пен инновация қос бұрындай тығыз өріліп келе жатыр. Мысалы, 1979 жылы пайдалануға қосылған бойда қабаттың мұнай қайтарымын арттыру мақсатымен Қаламқас кенорнында беттік белсенді заттар қоспаларын айдайтын тәжірибелік учаске ашылып, кейін мұнай өндірісінің технологиялық процестерін химияландыру жөніндегі аймақтық «Мангышлак-нефтепромихим» басқармасы құрылды. 1980 жылы Қаламқас кенорнында мұнайды полиметрлік әдіспен өндіру тәжірибесі басталды. Қазіргі таңда өңірімізде кен таралған жер қабатына қыздырып әсер ету әдісі де осы Бозашы түбегінен бастау алғанды. Сондай-ақ мұнай өндіруді арттыруға елеулі пәрмен берген қабаттағы мұнай көздерін үлкен қысыммен жару әдісі; жөндеуаралық мерзімін ұзартып, күтін

ұстауға кететін шығынды едәуір қысқартқан бұрандалы сорап қондырғылары; 95 пайызға дейін мұнайды газартып ала алатын алдын ала су айыру қондырғысы; теңіз флорасы мен фаунасын экологиялық қауіптерден сақтап әрі кенорындай теңіз жақтан жиі соғатын алып толқындардан қорғау мақсатында жағалауға тұрғызылған ұзындығы 32 километрлік, ені 8, ал биіктігі 5 метрлік дамбы-бөгет; газ турбиналық электр стансасы; Қияқты тұщы су кенорны сияқты тағы басқа көптеген озық үлгідегі қондырғылар мен ғылыми жаңалықтар ел игілігіне қызмет етіп, өндірістің тасы өрге домалап келе жатыр.

Кенорын қуаты мен әлі өндірілуге тиесілі мұнай көлемін, жасалып жатқан ғылыми-техникалық ізденістерді ескерсек, кенорын жылнамасы әлі неше ұрпаққа жалғасып, оған жазылар елеулі оқиғалар алда деген сенім ұялайды. Осы орайда еңбегімен елдің батасын алған, Бозашы түбегінің түлеуіне ерен еңбегін сіңірген мұнай айданының мыңдаған қаһармандарының адал еңбегі өлке тарихында мәңгі қалары сөзсіз.

**- Қазыбек Нұрмұханұлы, бүгінгі сұхбатымызды оқырман Қаламқастың 40 жылдық тарихына арналатын әңгімесіне ден қабалдасын. Ал, бүгінгі Қаламқастың даму бағыты, болашағы туралы келесі сөзді, сондай-ақ майталман мұнайшылар туралы мақалаларды, тартымды сұхбаттарды «Мұнайлы өлке» арнаулы айдарымен тұрақты беріп отыратын боламыз. Танымыз әңгімесіңіз үшін Сізге алғысымыз шексіз! Рахмет!**

## Виртуальды музей

### Қадірлі достар!

2019 жылы Қаламқас кенорнының ашылғанына 40 жыл толады. Қаламқастың тарихы – кенорнында еңбек еткен біздің аға буын мұнайшылардың, біздің тұтас әріптестеріміздің өмір баяны. Өткен тарихты зерделеу арқылы кемел келешектің бағытын білгілейтіміз хак. Жанқиярлықпен еңбек етіп, ел дәулетін еселеген қаламқастық мұнайшылардың ерлік еңбегін елге жария қылу, құрмет пен ізет көрсету мақсатында «Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы 2018 жылдың қыркүйек айы мен 2019 қыркүйек айы аралығында арнайы айдар ашады. Сондай-ақ газет бетінде осы атаулы мерекке арналған «виртуалды мұражай» тарихи жәдігерліктер жинақталды. Мұражай мұнайшылардың кезеңінен сыр шертетін экспонаттар - көне фотосуреттер, техника, құрал-жабдықтар, тұрмыстық бұйымдар, басқа да көзден қалтарыста қалған мұралардан тұрады.

Ең бастысы – қадірлі оқырман, мұражай коллекциясын толықтыруға Өзіңіз ат салыса аласыз. Бұл үшін [e.aitbaev@mng.kz](mailto:e.aitbaev@mng.kz) немесе [erbol\\_diz@list.ru](mailto:erbol_diz@list.ru) электронды поштасына бұрын-соңды баспасөз және кітап беттеріннен жарық көрмеген жәдігерлеріңіздің суретін жолданың! Бір сәт әр отбасында сақталған көне альбомдардағы уақыт сарғайтқан, ата-әжелеріміздің өмір баянынан сыр шертетін суреттерді ақтарып көрейікіші. Себебі, біздің тарихымыз - әр мұнайшының тарихы, жаһан түзді шақарға айналдырған ата-әжелеріміздің жалынды жастығы сонда жатыр. Аға буынның жасампаздығын ұл-қыздарымызға жеткізейік, дәстүр рухында тәрбиелейік, барды құрметтеуге баулиық! Мерейлі мерекенің салтанатын арттыруға біріге жұмыстанайық!

Осы бағыттағы суреттер мен жәдігерліктерді сақтап жүрген жақындырыңыз не таныстарыңыз болса, олардың қатысуына да шектеу жоқ! Сондай-ақ кенорында еңбек еткен атақты бригадалар, мұнайшылармен газет тілшілері кездесуге асық, Сіздерден олар туралы деректерді күтеміз! Ешкім де, ештеңе де ұмытпаймыз тиіс!

Суреттеріңізді сканерлеу, немесе жәдігерлерді суретке түсіру бойынша сұрақтарыңыз болса, немесе көмек қажет болса 212-423 телефон нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

Құрметпен,  
Жұртшылықпен байланыс бөлімі

## Дорогие друзья!

В следующем году исполняется ровно 40 лет со дня основания производственного управления «Каламқасмұнайгаз». Редакция «Мұнайлы Өлке» уделяет особое внимание этому знаменательному событию, начиная с октября месяца в нашей газете мы будем рассказывать об этапах освоения месторождения Каламқас, а самое главное - о людях, чьи имена и трудовые подвиги навсегда вписаны в его историю. В рамках празднования юбилея наша редакция запускает проект «Виртуальный музей». Вы можете передать в редакцию архивные документы, старые фотографии, любые интересные предметы или вещи, связанные с историей открытия и дальнейшей разработкой месторождения Каламқас. Наиболее интересные фотографии, копии архивных документов будут опубликованы в газете, а затем возвращены владельцам. Мы надеемся на плодотворную совместную творческую работу.

Архивные фотографии или снимки предметов просим направить на электронные адреса [e.aitbaev@mng.kz](mailto:e.aitbaev@mng.kz) или [erbol\\_diz@list.ru](mailto:erbol_diz@list.ru).

Если у вас есть вопросы, как опифировать ваши снимки или сделать фото исторического предмета, или вам нужна помощь, то можете обращаться по телефонному номеру 212-423.

Давайте вместе сохраним славную историю Каламқаса!

С уважением,  
Отдел по связям с общественностью



Еңбекпен есейген Ерлер

## ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР...

**Бақыт Балмағанбетов** – мұнайлы ауылдың төл баласы. Ұқсауға тырысып, еліктегені де, бой түзген құбыласы да, тәлімгері де – әкесі Сәуір. Мұнай кәсіпшілігіндегі жүргізушілігінен абырой тапқан әкесінің өнегесімен Бақыт та іргедегі өндіріске келген болатын.

Әкесі Сәуір «Жетібай мұнайгаз» өндірістік басқармасында талай жыл көлік айдады. Анасы Тәжен Қашағанова 8 құрсақ көтерген батыр ана. Адал еңбекпен күн көрген қарапайым отбасының қазаны ортайып көрген емес. Үбірлі-шүбірлі сегіз бала тәрбиеленді.

– Сегіз баланың барлығы қазір үйлі-баранды, ел қатарлы қызмет етіп, берекелі тірлік кешіп отыр. Қандай жақсылық көрсек те, титтегі алғыс алсақ та барлығы әке-шешеміздің арқасы ғой, – дейді Бақыт аға.

Бақыт ағаның маңдай тер, адал еңбекпен кеніште қызмет еткеніне бақандай 35 жыл болыпты. Ол бүгінде мұнай және газ өндіру цехында слесарь жөндеуші болып жұмыс істейді. Еңбекпен есейген жанның әріптестері алдында абыройы асқақ, беделі басым. Өкшесін басып өндіріске келгендерге айтар ақилы, берер тәлімі мен тәжірибесі де жетерлік.

Шеберлігімен шындалған оператор аға 1986 жылғы «Үздік маман» байқауында жүзделі болғанын да еске алды. Өндірістің ыстық-суығына төзіп, ел қазанын қайнатқан жанның кісілігі басым, адами мұраты асқақ. Бүгінде жолдасы екеуі ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отырған бақытты отбасы. Білікті маманның еңбегінен тапқан марапаты да мол.

Откенсіз бүгін жоқ. Ұрпақ алмасып, өмір жалғасқанмен, жарты ғасырдан астам уақыт ел игілігіне қызмет еткен қара алтынның әр тамшысында Бақыт Балмағанбетов секілді еңбек адамдарының маңдай тері, қақырлы қайраты жатыр.



## МҰНАЙШЫЛЫҚ – АТА КӘСІП

Жетібай кенорнында еңбек етіп келе жатқан бүгінгі кейіпкеріміз Алмагүл Абатқызы еңбекпен есейген жылдарына дән риза.

Еңбек жолын 1987 жылы операторлықтан бастаған Алмагүл Оразалиева бүгінде геолог мамандығының нағыз майталманы. №3 мұнай және газ өндіру цехында ғана емес Жетібай кенішінде білікті геологты білмейтін адам некен-саяқ.

Әкесі Абат Мәскеудегі М.Губкин атындағы мұнай мен газ университетін тәмамдаған, шеттен білім алған білікті мамандардың алғашқы сапынан елі. 1958 жылы құрылған Батыс Қазақстан геология басқармасында жемісті еңбек етіп, кейіннен дүниесалды.

– Әкем өмірден озғанда бала едім. Ол кісінің еңбек жолын есейе келе бауырларыман естіп-біліп, кейін «мұнайшы болсам» деген арманның жетегіне ілестік қой. Максат орындалды. Сонау Жайық бойынан жылжып, мұнайлы мекенге тұрақтадық.

Атырауды тастап, Маңғыстау қайдасың деп тартып отырған Алмагүл апа қазыналы түбектен өмірлік бақытын кездестіріп, 1992 жылы үлкен шаңыраққа келін болды. Өсіп-өнген әулетті ел ішінде мұнайшылар династиясы дейді. Марқұм атасы Орынбасардың жолын қуған ұл-қыздары Баянхұлу мен Ағатай да мұнайшылар. Жары Жұма «Ойл Транспорту Корпорэйшн» мекемесінде машинист болып еңбек етеді.

Өндіріспен бірге есейген Алмагүл Абатқызының естелігі бірлігі жарасқан мұнайшы әріптестері туралы жылы лебізге толы. Бір кездері мұнай және газ өндіру цехының шебері болған Алик Айдарбаевтың еңбек мектебінен өткен қайсар қыз талай қиындықты қайсарлықпен нокталап, қаймықпай күрескенін айтты.

– Ол кісіден көп нәрсе үйрендім. Шебердің аты шебер ғой. Жас болса да бас бола білді.

Өңкей «мен атайын, сен тұр» дейтіндей аптал азаматтармен қанаттаса еңбек еткен мықты маманның еңбегі еш кеткен жоқ. Компания Басқармасының Құрметі мен Алғысынан өзге, төселгісі тағы бар. 30 жыл табан аудармай өлкенің өндірісін дамытуға бір кісідей үлес қосып, мұнайшылық ата кәсібін адал атқарып жүр. Өз жұмысының өндірістік қарқыны туралы Алмагүл



Абатқызы былайша баяндады:

– №3 мұнай және газ өндіру цехында 80 адам екі ауысымда жұмыс істейді. Тәулік ішінде ұңғымалардың берген өнімдерін бақылап, қай ұңғыманың өнімі аз болса, соларды қадағалаймыз. Бір тәулікте өндірілген өнімнің көрсеткіштерін есептейміз.

Түзде геолог, үйде адал жар, ауялы ана, жолдасы Жұма Амановпен 4 бала тәрбиелеп отырған Алмагүл апа көкейдегі көп мақсатының бірі - ұлын үйлендіріп, келін алып, немере сую екенін айтты. Ана арманы осы!

Қазақта "маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды" деген жақсы сөз бар. Істің көзін, еңбектің ебін тауып, қазыналы аймақтың қара алтынын халық игілігіне жаратуда Алмагүл Абатқызы секілді жандардың еселі еңбегі дәлел бола алады.

Жаппат КЕМАЛ

Пальчики облизжешь!

## ВИРТУОЗЫ КУЛИНАРИИ

В конце октября заместитель Генерального директора по капитальному строительству Казыбек Кийнов, советник Правления Баймамбет Молдакадыров, а также руководители ДИСВ Талгат Айдинов и Лю Сюели наградили группу работников общепита почетными грамотами и дипломами.



Поздравляя собравшихся, Казыбек Кийнов отметил, что кулинария – это настоящее искусство, которое требует немалых сил и вдохновения:

– С одной стороны, повар должен скрупулёзно рассчитывать каждый грамм, с другой – мыслить творчески, фантазировать, придумывать, чтобы блюдо получилось не только вкусным, но и оригинальным и изысканным. Поздравляю вас с заслуженными наградами, пусть вас никогда не покидает удача и успех, желаю вам не терять вкуса жизни!



Қауіпсіздік шара

## АДАМ ӨМІРІ – БАСТЫ НАЗАРДА



«ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамы қауіпсіздік саласындағы әлемдік тәжірибені енгізу үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында «Аман» пилоттық жобасын қолға алған болатын. 2017 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ сервистік компаниялар жоба аясында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, еңбекті қорғау және көлік қауіпсіздігі бойынша қызметкерлерді қауіпсіздік белдігі симуляторынан сынақтан өткізуді бастап кетті.

Кезекті сынақ қазан айының 9-ы мен 18-і аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас кенсе қызметкерлеріне жасалған арнайы тренажерға 130-дан астам адам отырып, сағатына 10 шақырым жылдамдықпен тосын кедергіге соғу арқылы қауіпсіздік белдіктерін пайдалану тәжірибесін өтті.

Қауіпсіздік белдігін пайдалану ең күрделі апаттардың өзінде аман қалу мүмкіндігін он есеге арттырады. Өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау шараларын жүзеге асыратын «Аман» пилоттық жобасы әр қызметкерге қауіпсіз еңбек жағдайын жасайды. Сондықтан қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін қатаң сақтап жүрейік, әріптестер!

«ҮЗДІК МАМАН – 2018»

# ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАУ САЙЫСЫ

Қыркүйектің 24-25 күндері Маңғыстау облысы мен Павлодар қаласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның өндірістік нысандарында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының қызметкерлері арасында «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-де (Ақтау, Маңғыстау технологиялық транспорт басқармасы) «Үздік маман – 2018» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Мұндай шаралардың кезегімен әр түрлі компанияларда өтуінің өзі мұнайшылардың өзге кәсіпорындардағы озық әдістерді үйреніп, өзара тәжірибе алмасуына ықпал етеді.

Байқау салтанатты түрде ашылып, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС басшысы Серік Жеткіргенұлы сөз алып, келген қонақтарға сәттілік тіледі. Одан соң «ҚазМұнайГаз» компаниясы өкілі Қуандық Қалидуллин өзінің лебізін білдірді.

Бұл сайыста «Өзенмұнайгаз», «Ембімұнайгаз», «Қазактүрікмұнай», «Ойл Сервис Компани», «Азия газ құбыры», «Арғымак Транс Сервис», «ТОО УТТиОС», «Ойл Транспорт Корпорейшн» компанияларының, технологиялық көлік және ұнғымаларға қызмет көрсету басқармасының жұмысшылары автокран машинисті, агрегат ЦА 320 машинисті және машинист ППУ, автокөлік жүргізушісі мамандықтары бойынша өзара сынға түсті.

КМГ кәсіпорындары тобы сарапшыларынан құралған әділқазылар алқасы сайыс шарттарының орындалуын қатаң бақылап, деректерді салыстырып және құжаттарды тексеріп отырды. Сайыстың екінші күні жеребе тасталып, практикалық тәжірибесі бойынша арнайы көлікпен жұмыс басталып кетті. Конкурстық комиссия практикалық тапсырмаларды орындау сапасы мен теориялық дайындығын бағалап, үздік мамандарды анықтады.

Байқау нәтижесінде: **Автокран машинисті:**  
1-орын – Бақыт Күшкенбаев, «Арғымак Транс Сервис» ЖШС;  
2-орын – Арман Қарашай, «Өзенмұнайгаз» АҚ;



Байқау нәтижесінде: **Автокран машинисті:**  
1-орын – Бақыт Күшкенбаев, «Арғымак Транс Сервис» ЖШС;  
2-орын – Арман Қарашай, «Өзенмұнайгаз» АҚ;

Байқау нәтижесінде: **Агрегат ЦА 320**  
1-орын – Нұрлан Салықбаев, Жолдыбай Мадемиев, «Арғымак Транс Сервис» ЖШС;  
2-орын – Қонарбай Досбергенов, Бауыржан Алібаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ;

Байқау нәтижесінде: **ППУ машинисті:**  
1-орын – Айберген Дәрменбаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ;  
2-орын – Асан Өтетілеуов, «Арғымак Транс Сервис» ЖШС;  
3-орын – Жексенғали Ескалиев, «ТОО УТТиОС» ЖШС.

Байқау нәтижесінде: **Автокөлік жүргізушісі:**  
1-орын – Сундетабай Қорғанбаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ;  
2-орын – Рауан Ұзақбаев, «Арғымак Транс Сервис» ЖШС;  
3-орын – Нұрлыбек Сүйеуов, «ТОО УТТиОС» ЖШС.

Байқау барысында олар таңдаған ісіне адалдығы және жоғары шеберліктерімен Ұлттық компанияның басты кәсіби алаңдарында өз мекемелерінің намысын қорғауға лайықты екендерін дәлелдей алды. «Үздік маман» сайысы бір шаңырақ астына жинаған ұжымды ұйыстырған шара болды. Жалпы, жыл сайын өтетін «Үздік маман» сайысы өз мамандығының қырсырын тереңдетіп білуге бағыттайтын жоба.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС



3-орын – Бауыржан Керімбеков, «Азия газ құбыры» ЖШС.

Байқау нәтижесінде: **Агрегат ЦА 320**  
1-орын – Нұрлан Салықбаев, Жолдыбай Мадемиев, «Арғымак Транс Сервис» ЖШС;  
2-орын – Қонарбай Досбергенов, Бауыржан Алібаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ;  
3-орын – Бердаулет Аллабаиров, Мәкен Азаров, «Ойл Сервис Компани» ЖШС;

Байқау нәтижесінде: **Автокөлік жүргізушісі:**  
1-орын – Сундетабай Қорғанбаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ;  
2-орын – Рауан Ұзақбаев, «Арғымак Транс Сервис» ЖШС;  
3-орын – Нұрлыбек Сүйеуов, «ТОО УТТиОС» ЖШС.

Байқау барысында олар таңдаған ісіне адалдығы және жоғары шеберліктерімен Ұлттық компанияның басты кәсіби алаңдарында өз мекемелерінің намысын қорғауға лайықты екендерін дәлелдей алды. «Үздік маман» сайысы бір шаңырақ астына жинаған ұжымды ұйыстырған шара болды. Жалпы, жыл сайын өтетін «Үздік маман» сайысы өз мамандығының қырсырын тереңдетіп білуге бағыттайтын жоба.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС

## ЖАСТАР САЯСАТЫ

### ӘСЕРЛІ САПАР

Ағымдағы жылдың 13-15 қазан аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның ұйымдастыруымен Алматы қаласында жас мамандар кездесуі болып өтті. Кездесуге «Oil Services Company» ЖШС-нің атынан жас мамандар кеңесінің төрағасы Базарбай Ерлан мен Сәтінбайұлы Қуаныш қатысты.

Қазақстанның барлық өңірлерінен жиналған 100 ден аса жас мамандар тәжірибе алмасып, болашаққа деген жоспарларымен, алға қойған мақсаттарымен бөлісіп, 2017-2018 жылдары жасаған жұмыстарын қорытындылады. Атап өтсек, «Oil Services Company» ЖШС-нің жас мамандар кеңесі көптеген қайырымдылық істер ұйымдастырып, спорттық жарыстар, ойындар өткізген болатын.

Кездесу барысында салауатты өмір салтымен велошеру және әлеуметтік мұқтаждар үшін түрлі концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды.

Ұлттық компания мұндай іс-шараларды жас қызметкерлердің ынталануы мен жеке өсуі үшін өте маңызды деп санайды. «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының жастар кеңестері қызметі бүкіл корпорация жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан ұлттық компанияның алғашқы көшбасшылары жас мамандар идеялары мен жоспарларын қолдайтынын айтты.

Алматыда өткен үш күндік кездесу жас мамандар үшін үлкен тәжірибе мен мол кеңес болды. Жас мамандар алдағы уақытта көптеген кездесулер мен бастамаларды жүзеге асырамыз деген сеніммен қайтты.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазан айындағы Жолдауында 2019 жыл - Жастар жылы болып табылатынын атап өткен болатын. Еліміздің болашағы жастардың қолында, ал жастарға қолдау көрсету – уақыт талабы.

Аккүміс Алдабергенова  
«Oil Services Company» ӘӘБ маманы



## ЕҢБЕК АДАМЫ

### ЕР ЖІГІТТІҢ ҚАДІРІН ЖҰРТЫ БІЛЕР



Жігіттің оңтүстік құбыласының түгендігін түгендесек, таппай шыққан тегі, халқына атқарған қызметі, ұрпағына берген тәрбиесі, өмірде қалдырған ізі алдымен көңіліне ұялайтыны даусыз. Маңғыстау түбегінің маңдайалды жүйріктерінің бірі Түмен Балтабасұлының:

...Маңғыстау, білемісің, неғылған жер?! Қашаннан қалың дәулет бағылған жер, - деп жырлайтын майлы қиян, кең түбектің өзі де аңыз, адамы да аңыз, қазынасы да аңыз.

Бүгінгі сөз қазыналы түбектің «қара» алтынын игеруде құбылы үлес қосып келе жатқан «Маңғыстауэнергомұнай» Серіктестігінің Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары **Бигалиев Қуанбек Шәкірұлы** жайлы. Алматы энергетикалық институтын ойдағыдай аяқтаған Қуанбек өз мамандығы бойынша еңбек жолын Маңғыстаудың маңғаз даласындағы «Маңғыстау монтажды реттеу» басқармасының Жетібай учаскесінен бастады. Міндеті жас маман аталмыш басқарманың Өндірістік-технологиялық қызметінде инженер-реттеуші қызметін атқара отырып, жаһан түзде, ел-мекеннен шалғай, күре жолдан алшақ жатқан құлазыған өндірістің сан құбылмалы қыр-сырын тезарада үйрене бастады. Бойына әр істің шашпандығы мен жауапкершілігін сіндірген Қуанбек Шәкірұлы тезарада қызметтік күнделікті дағдыларымен бірге, энергетика саласының түбегейлі жобаларымен сусындады, атқарған әр істің сапалығы мен тиімділігін қорыта білді.

2001 жылдан бастап Қуанбек Шәкірұлы «Өзенэнергомұнай» басқармасының қызмет бастығы, одан кейін басқарма бас инженерінің орынбасары және т.б. өте жауапты лауазымдарды зор жауапкершілікпен атқарды.

2012 жылдан бастап Бигалиев Қуанбек аймақтың энергетиктер қауымын жұмылдырып отырған «Маңғыстау-энергомұнай» Серіктестігіне қызметін ауыстырды. Ұжым Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметін 15 жылдан астам уақыт атқарып келе жатқан Шәкірұлы зор жауапкершілік, шебер ұйымдасты-



рушылық, асқан біліктілік көрсетіп келеді. «Қаламқас» және «Жетібай» кенорындарындағы жұмыскерлердің қауіпсіз еңбектерін ұйымдастыру – Қуанбек Шәкірұлының басты тағылымы болып табылады.

Осындай ұжым беделі мен әріптестердің көйегісі мақсаттарын биік бағалайтын Қ.Шәкірұлы бүгінгі таңда 50 жасты өңсергелі тұр. Парасаттылығы мен адамгершілігі мол Күекең әулеті бүгінде шаңырағы шалқын, ұрпақ-немерелердің балғын күміс құлкілерге толы. Сондықтан сөз соңында, «Маңғыстауэнергомұнай» Серіктестігі атынан **Қуанбек Шәкірұлы** енесі 50 жасымен құттықтаймыз! Деніне саулық, еңбегіне қайрат, шаңырағына бақ-береке тілейміз!

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС  
әкімшілік –әлеуметтік топ

## Латын әліпбиі

# ЖАҢА ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Осындай тақырыппен 29 қазан күні «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында ақпараттық-насихаттау шарасы өтті.

Облыстық тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шахметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы өкілдері, компания қызметкерлері қатысты.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 19 ақпандағы №637 Жарлығымен бекітілген латын графикасындағы қазақ тілі әліпбиіне қошу кезеңдерінде жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстыру және әліпбиге қатысты көпшілік көкейінде жүрген мәселелер бойынша ақпарат беруді көзлеген кездесуде жаңа әліпби негізінде әзірленген емле Ережелерінің мазмұны мен құрылымы түсіндірілді.

Жаңа емле жобасында жаңалық та, дәстүр де бар. 1957 жылы бекітілген соңғы емледегі базальк норманың сақталуы – дәстүр сабақтастығы. Ал кирил әріптерінің латынша баламасының анықталуы әріптер аралық кезең ережелерін құрайды. Өйткені өз ойын тек латынмен жазатын ұрпақ өскенше, қазіргі қоғам олардың танбасын іздейді. Аралық кезең ережелері арқылы жанарған біртұтас ұлттық жазу емлесі қалыптасады. Қорыта айтқанда, Ережеде күнделікті қолданылатын сөздердің, ономастикалық атаулар мен терминдердің ұлттық сипаттағы емле үлгісі ұсынылып отыр. Бұл үлгілер мыңдаған сөздердің сауатты жазылуына негіз болады. Жаңа емле қоғамымыздың жазу мәдениетін арттыру арқылы мемлекеттік тілдің қолданысын жеңілдетеді, - деп баяндама жасаған ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шахметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Бақытгүл Ысқақова жаңа әліпбиге көшудің мәні мен емледегі мәселелер жөнінде түсінік берді.

Шара соңында қатысушылардан сауалнама алынып, емлені жетілдіруге арналған деректер мен ұсыныстар жинақталды.

## Внутренние коммуникации

## Календарный план внутреннего обучения АО "Мангистаумұнайгаз" на 2018 год

Настоящим сообщаем Вам об утверждении календарного плана обучения внутренними тренерами АО «Мангистаумұнайгаз» (далее – Общество) на 2018 год. Обучение проводится в открытом формате, принять участие может каждый работник Общества.

Ознакомьтесь с программами обучения. Вы можете в Электронной библиотеке в «Сайтах групп». По всем интересующим вопросам обращаться в отдел развития и обучения персонала ДУЧР тел.: 211-336.

№	Тема обучения	ФИО тренера	Должность тренера	Ноябрь	Декабрь	Место проведения обучения
1	Основы работы в системе Галактика ERP в модулях УМТО и УБ	Абдимапан Ш.А.	Ведущий инженер-программист группы сопровождения ПО ERP отдела информационных баз данных ДАИТС	06 ноября 2018 с 08:00 до 12:00	-	504 кабинет
2	Оформление наряда-допуска на работы повышенной опасности	Жарылғапов Е.Ж.	Инженер по охране труда и технике безопасности ДТБ, ОТ и ООС	09 ноября 2018 с 08:00 до 17:00 (2 группы)	07 декабря 2018 с 08:00 до 17:00 (2 группы)	ПУ "ЖМГ" - ноя. ПУ "КМГ" - дек.
3	Оказание первой помощи при ДТП	Диханов С.К.	Заместитель начальника автопарка ТД	13 ноября 2018 с 08:00 до 12:00	11 декабря 2018 с 08:00 до 12:00	Автопарк (22 мкр.)
4	Вопросы планирования закупок и формирование заявок на закуп ТРУ	Сабилов Н.А.	Заместитель начальника отдела планирования закупок ДЗиТМС	-	13 декабря 2018 с 08:00 до 12:00	504 кабинет
5	Основы нефтегазового дела для не технических специальностей	Бельбаев Б.Б.	Ведущий геолог ОгиАРМ ПУ «Қаламқасмұнайгаз»	20 ноября 2018 с 08:00 до 12:00	-	504 кабинет
6	Требования к формированию технического задания и обоснование инициатором закупки функциональных, качественных характеристик работ/услуг	Кайсенова Г.М.	Начальник отдела контрактов по закупке услуг ДЗиТМС	-	20 декабря 2018 с 08:00 до 12:00	504 кабинет
7	Вопросы при проведении закупок для руководителей и специалистов в АО «Мангистаумұнайгаз»	Жолдасова К.Д.	Заместитель начальника отдела контрактов по закупке ТМЦ ДЗиТМС	23 ноября 2018 с 08:00 до 12:00	-	504 кабинет
8	Бюджетирование и бюджетное планирование, управление затратами (Cost Management)	Успанова Ж.И.	Начальник отдела консолидации и экономического анализа ДБПиЭА	28 ноября 2018 с 08:00 до 12:00	-	504 кабинет
9	Расширенные возможности Microsoft Excel с примерами и описанием функций	Тулебаев К.К.	Экономист I категории отдела бизнес-планирования и экономического анализа по обеспечению основной деятельности ДБПиЭА	-	26 декабря 2018 с 08:00 до 12:00	504 кабинет

## О ВВОДЕ КОМПОЗИТНОЙ УСЛУГИ



Алматы, Казахстан –

В целях реализации новой композитной услуги по подаче единого заявления о назначении пенсионных выплат по возрасту, используя принцип «одного окна», 9 октября 2018 года постановлением Правительства Республики Казахстан № 624 (далее – Постановление) утверждены Изменения и дополнения в постановление Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2013 года № 1042 «Об утверждении Правил осуществления пенсионных выплат из пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов из единого накопительного пенсионного фонда, и методики осуществления расчета размера пенсионных выплат».

Теперь по принципу «одного окна» лицам, достигшим пенсионного возраста, для назначения пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты, а также для получения пенсионных выплат за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) из ЕНПФ необходимо обращаться с единым заявлением и пакетом документов только в Центр обслуживания населения (ЦОН) Государственной корпорации «Правительство для граждан».

На основании указанного заявления получатель будет оказана в том числе проактивная услуга (по умолчанию) по выплате государственной гарантии (разницы между суммой фактически внесенных обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции и суммой пенсионных накоплений).

При этом первая пенсионная выплата из ЕНПФ будет осуществляться в течение десяти рабочих дней с даты регистрации заявления в Государственной корпорации либо в течение десяти рабочих дней с даты возникновения у получателя права на пенсионные выплаты из ЕНПФ. Последующие ежемесячные пенсионные выплаты из ЕНПФ будут осуществляться в соответствии с установленным Государственной корпорацией графиком пенсионных выплат.

Выплаты за счет бюджетных средств и пенсионных накоплений из ЕНПФ будут осуществляться в один день и на один банковский счет, указанный в заявлении. Данные изменения вносятся в интересах получателей пенсионных выплат, достигших общеустановленного пенсионного возраста.

При этом иные действующие функции и задачи ЕНПФ, в том числе осуществление выплат в связи с выездом на постоянное место жительства, инвалидностью, погребением и наследованием, выплат по добровольным пенсионным взносам, а также вопросы учета, расчета

ежемесячных пенсионных выплат за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов и стратегические задачи остаются неизменными.

**ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ».** Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом.

В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)).

Пресс-центр АО «ЕНПФ»



**Мұнайлы Өлке**  
Меншік иесі:  
«Манғыстаумұнайгаз» АҚ  
Редактор: Есназар Султанов  
Редакция аяқасы: Л.Жолдыбаева, Ф.Өбдісадық,  
Ж.Кемал, Р.Анетова  
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 ұй,  
тел:  
212-424, 212-450  
212-462, 212-492  
Газет айнама 1 рет шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
күзегі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерлік және теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265

«АТIS» ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы,  
17 ш/а.  
тел: 525500